

## **Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округінің Қараөткел ауылы көшелеріне атау беру және қайта атау туралы**

Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 18 қантардағы № 5 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Қараөткел ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі Қараөткел ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Дружба көшесі - Ағыбай батыр көшесіне;
- 2) Строительная көшесі - Бәйтерек көшесіне;
- 3) Степная 1 көшесі - Роза Бағланова көшесіне;
- 4) Степная 2 көшесі - Арыстан баб көшесіне;
- 5) Бәйтерек 1 көшесі - Әбілқайыр хан көшесіне;
- 6) Бәйтерек 2 көшесі - Халифа Алтай көшесіне;
- 7) Пятилетка көшесі - Қожа Ахмет Йассауи көшесіне;
- 8) Целинная көшесі - Жұмабек Тәшенев көшесіне;
- 9) Набережная көшесі - күйші Дәулеткерей көшесіне;
- 10) Северная көшесі - Мұқағали Мақатаев көшесіне;
- 11) А.С. Пушкин көшесі - Естай көшесіне;

2. Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі Қараөткел ауылының көшелері:

- 1) № 15 көшесі - Балуан Шолақ көшесі;
- 2) № 33 көшесі - Фариза Оңғарсынова көшесі;
- 3) № 67 көшесі - Талғат Бигелдинов көшесі;
- 4) № 70 көшесі - Кейкі батыр көшесі;
- 5) № 80 көшесі - Латиф Хамиди көшесі;
- 6) № 102 көшесі - Мақсұтбек Тоқмағанбетов көшесі;
- 7) № 111 көшесі - Бәйдібек би көшесі;
- 8) № 216 көшесі - Райымбек батыр көшесі деп аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қараөткел ауылдық округінің әкімі*

*Т.Дауылтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК